



Аудандық білім бөлімінің

әдістемелік кабинетінің меңгерушісі:



Аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің

әдіскері:



М. М. Ажимкин

## Түсінік хат

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамының алға апаратын күші тек білімде ғана.

Қай елдің болмасын өсіп-өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Мектеп қарсаңындағы білімнің мақсаты: 5-6 жастағы балалардың пәндік, интеллектуалдық дамуы, олардың жалпы білім беретін мектептің бастапқы буынында білім мен іскерлікті дағдылауды меңгеруге қамтамасыз ету.

Мектепалды даярлық сыныптарында өткізілетін пәндердің бірі – Сауаташу. Сауат ашу пәнінің мақсаты оқу мен жазуға үйрету ғана емес, балалардың тіл байлығын дамыту, сөздік қорын молайту, дыбыстарды анық айтуға үйрету болып табылады. Бұл сыныпта барлық дыбыстарды ажыратып, одан сөз, сөзден сөйлем құрауға үйренеді, буындап оқуға дағдыланады.

Өлеңдер, мақал-мәтелдер, жұмбақтарды жаттатқызу – балалардың дұрыс, мәнерлі сөйлеу мәдениетін, дауыс ырғағын қалыптастырады. Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз қылықтарын бағалап, шығармадағы басты мәселені ажырата білуге, ұнаған кейіпкерлерін бағалай білуге, өз ойларын еркін жеткізуге дағдыланады.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы осындай міндеттерді шешу жолында балалардың шығармашылық қабілетін, білімге деген қызығушылығын, ой-өрісін дамыту мақсатында аптасында 1 сағат, жыл бойы 33 сағат қызықты грамматика бағдарламасы таңдап алынды. Мұнда жас шамасына негізделген түрлі дамытушы ойындар қамтылды. Ол ойындар балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын молайту, сөйлемді дұрыс құрып, өз ойын дұрыс жеткізе білуге үйренеді. Жеке дыбыстан сөз құрауға, буындап оқуға дағдыландыруды көздейді. Баланың ой-өрісін, ойлауын жетілдіруді мақсат етеді. Сондықтан бұл бағдарлама мектепалды даярлық сыныбы мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынылады.

### **Бағдарламаның мақсаты:**

1. Баланың жас ерекшелігіне сай таңдап алынған балалар әдебиеті үлгілері бойынша жұмбақтар, жаңылтпаштар оқу, жаттау арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.
2. Баланың білімін, ой-өрісін, ойлай білу және өзіндік пікір айта білуін дамыту.
3. Шығармашылық қабілетін дамыту.
4. Сөйлеу тілін, мәдениетін жетілдіру, сөздік қорын дамыту.
5. Әріптерді дұрыс таңбалай білу.
6. Буындап оқуға төселдіру.
7. Баланың дыбыс есту қабілетін дамыту, дыбыстарды ажырата білуге, жүйелі сөйлеуге үйрету.

### **Бағдарламаның міндеттері:**

1. Балалардың дұрыс, мәнерлі сөйлеу мәдениетін, дауыс ырғағын қалыптастыру.
2. Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз қылықтарын бағалап, шығармадағы басты мәселені ажырата білуге, ұнаған кейіпкерлерін бағалай білуге, өз ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру.
3. Балалардың ойдан шығарып айтуын, қиялдау-шығармашылық қабілеттерін дамыту.

### **Бағдарлама соңында күтілетін нәтиже**

1. Баланың жас ерекшелігіне, тәрбие талабына сай іріктелген оқу материалдарының негізінде балалардың адамгершілік көзқарасы қалыптасады.
2. Буындап оқуға, әріптерді дұрыс таңбалай білуге, дыбыстық талдау жасай білуге дағдыланады.
3. Сөздің эмоционалдық мәнерлігін түсінуін; лексика, грамматикалық формаларды, интонацияларды- балалардың өздігінен үйренуін қалыптастырады.
4. Балалардың ой өрісі мен сөйлеу тілі, сөздік қоры дамиды.
5. Шығармашылық қабілеті дамиды, сөйлемді дұрыс құрып, ойын дұрыс жеткізе білуді үйренеді.
6. Оқылған шығармадағы басты мәселелерді ажырата білуге, ұнаған кейіпкерлерін бағалай білуге, ойларын еркін жеткізуге қалыптастасады. Өз ана тілінде еркін, дұрыс сөйлей білуге дағдыланады.

## Қызықты грамматика

Р/ С	Сабақтың тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Сағ аты	Күні
1	Қолыңды алмай аяқта	Дәптер жолын айыра білуге, үзік сызықтар арқылы өрнектерді сызуға ынталандыру. Саусақтарын жазуға икемдеу	1	03.09
2	Әріп сыры	Әріп және дыбыс туралы түсінік беру. Білімге деген сүйіспеншілігін арттыру.	1	10.09
3	Өлең шумақтарын мәнерлеп оқу Н. Жанаев «Туған елдің ұлымын»	Тіл байлығын дамыту, мәнерлеп оқу мәдениетін қалыптастыру, Сөздік қорларын молайту.	1	17.09
4	«Қайда бардым, не көрдім?»	Сөздерге дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру . Сөздік қорларын молайту.	1	24.09
5	Жұмбақтар	Жұмбақтар жаттау, әрбір сөздің дұрыс айтылуын қадағалау, ойлау қабілетін , тіл байлығын дамыту.	1	01.10
6	Ребус шешу	Сурет пен сөзді, сөз бен суретті пайдаланып ребус шешу, жаңа сөздер үйрету, ойлау қабілетін дамыту.	1	08.10
7	Шашылған әріптерді жина А,Т,П, Н, А	Жеке дыбыстан буын құрап оқуға дағдыландыру, дыбыстарды анық айту, ойлау қабілетін дамыту.	1	15.10
8	«Кім зейінді?»	Дауысты дауыссыз, дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың ,байқағыштық қасиеттерін дамыту.	1	22.10
9	Дыбыстарды ажырат	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету, текшемен жұмыс жасауға дағдыландыру.	1	29.10
10	Сөзжұмбақтар	Сөзжұмбақтар шешу, жаңа сөздер үйрену, шығармашылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру.	1	12.11
11	Жаңылтпаштар	Балаларды дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру, шапшандыққа аңғарымпаздыққа баулу.	1	19.11
12	Адасқан сөздер	Дамытушы ойын арқылы сөз құрау, оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру.	1	26.11
13	Мәнерлеп айту	Жатқа мәнерлеп айтуды қалыптастыру, тыңдауға үйрету.	1	03.12
14	Дыбыстар желісіне саяхат	Көңілді ойын арқылы дыбыстарды бір бірінен ажырата білу, шапшандыққа баулу.	1	10.12
15	Көршілерін ата	Дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру. Оқуға деген қызығушылығын арттыру.	1	17.12
16	Көңілді дыбыстар	Көңілді ойындар пайдалана отырып, дыбыстар, сөз, сөйлем туралы ұғымдарын қалыптастру.	1	24.12
17	«Әріптер әлемі»	Балаларды, үйренген әріптерді қайталап дұрыс айта білуге дағдыландыру.	1	14.01
18	Сиқырлы сөздер	Сыпайлылыққа , инабаттылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Сөз байлықтарын дамыту.	1	21.01
19	«Сөзге сөзге қос»	Балалардың ,тіл байлығын дамыту. Жаңа сөзді қолдана білу, шығармашылыққа тәрбиелеу.	1	28.01
20	«Шешуін тап» ойыны	Сан қатары арқылы сөздер табу, балалардың ой өрісін дамыту, оқуға қызығушылығын арттыру.	1	04.02
21	«Сөйлем құра»	Өткен әріптерден сөз құрауды, қосып оқуды үйрету.	1	18.02
22	Дауысты дыбыстар	Ойын сабақ арқылы дауысты дыбыс, буын сөз	1	25.02

		туралы ұғымын бекіте түсу.		
23	«Қарама -қарсы сөздер» ойыны	Қарама- қарсы сөздерді салыстыру жолымен ой өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту.	1	04.03
24	Буынға буын қос	Буынға буын қоса отырып сөз құрастыру, буындап оқуға дағдыландыру.	1	11.03
25	«Сөзді жалғастыр» ойыны	Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Сөздерді, сөйлемді толық аяқтауға баулу. Шапшандыққа қабілеттерін арттыру. Сөздік қорларын байыту.	1	18.03
26	«Әріптерді үйге орналастыр»	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету.	1	01.04
27	Шайба	Сөз құрауға, оқуға дағдыландыру, көпшіл болуға, тапқырлыққа баулу.	1	08.04
28	Ғарышқа саяхат	Буындап оқуға, деген қызығушылығын арттыру, ойлау қабілетін дамыту.	1	15.04
29	Ребус	Ой өрісін дамыту, өздігінен шеше білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.	1	22.04
30	Жоғалған буын	Сауатты жазуға баулу, буындап оқуға дағдыландыру. Сөз байлықтарын дамыту.	1	29.04
31	«Сөз ойла, көп ойла» ойыны	Берілген дыбысқа сөз ойлату, сөйлем құрату. Ой өрісін кеңейту, сөздік қорын молайту.	1	06.05
32	Жаңылтпаштарды жаңылмай айтамын.	Дыбыстарды анық, дұрыс айту, зейінділікке баулу, ой өрісін дамыту. Сөздік қорын молайту.	2	13.05 20.05
<b>Барлығы:</b>			<b>33</b>	

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Балалардың тілін дамыту методикасы. Б.Баймуратов
2. «Айгөлек» балалар журналы тізбектері.
3. Тілашар.
4. Ойнайық та, ойлайық
5. «Балдырған» балалар журналы
6. «Тіл дамыту» әдістемелік нұсқау
7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту
8. «Отбасы және балабақша» журналы
9. «Бала мен балабақша» журналы
10. Мектепке дейінгі педагогика. Ә. Мекжанова
11. Сауат ашуға арналған дидактикалық материалдар
12. Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем әдебиет арқылы тәрбиелеу
13. Өліппе тілашар. Е.Дүйсенбай

№ 1 «8» «18» 2021ж  
Педкеңесте қаралды:

Бекітемін

Мектеп директоры:  
М.К.Койшыгулова





Келісінді:

Аудандық білім бөлімінің басшысы:  
Р.А.Хайырмұқанбетов



**Тақырыбы:**  
**Қызықты грамматика**

Сыныбы: МАД «а»  
Орындады: Л. Обаева  
Мектепалды даярлық тәрбиешісі  
Ә/б отырысында қаралды:  
1 М. Б. Төлекбаева 

№ 1 Хаттама 31 күні 08 айы 2021ж  
Тексерілді: К. Ә. Әбимолда   
Бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары